

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы" N 2-3 нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2008 жылғы 11 желтоқсандағы N 73 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылы 21 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5640 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 13 бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2011.01.26 № 13 (мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғаларды бірыңғай есепке алу мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . Б е к і т і л с і н :

1) 1-қосымшаға сәйкес "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы" N 2-3 нысанды статистикалық есеп ;

2) 2-қосымшаға сәйкес "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы" N 2-3 нысанды статистикалық есептің құрылуы жөніндегі Нұсқаулық;

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу ү ш і н ;

2) құқықтық статистика мен арнайы есепке алу, субъектілеріне және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін (Г.В. К и м) .

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Бас Прокуроры

Р. Түсіпбеков

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы
Экономикалық қылмысқа және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
агенттігінің (қаржы полициясының)
Т ө р а ғ а с ы
-----Қ. Қожамжаров

2009 жылғы 20 ақпан

Қазақстан Республикасы
Жер ресурстарын басқару
агенттігінің Төрағасы
-----Ө. Өзібеков

2009 жылғы 30 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Т ө р а ғ а с ы
-----А. Шабдарбаев

2008 жылғы 22 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
-----Б.Мұхаметжанов

2009 жылғы 09 ақпан

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
-----Ж. Досқалиев

2008 жылғы 30 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
-----Д. Ахметов

2009 жылғы 15 қаңтар

Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау министрі
-----Н. Ысқақов

2009 жылғы 23 қаңтар

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
-----А. Күрішбаев

2009 жылғы 08 қаңтар

Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация

м и н и с т р і

С. Ахметов

2009 жылғы 04 ақпан

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдай министрі

В. Божко

2009 жылғы 13 ақпан

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Жәмішев

2009 жылғы 25 наурыз

Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрі

С. Мыңбаев

2009 жылғы 11 наурыз

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі м.а.

Д. Құсдәулетов

2009 жылғы 20 сәуір

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

2008 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 73 бұйрығына

1-қосымша

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы" № 2-3 нысанды есеп

1-бөлім. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы мәліметтер

Атауы		жолдың коды	Есептік кезеңде	Ағымдағы айда
а		б	1	2
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалардың саны		1		
солардың ішінен:	Жеткізілгендер (ӘҚБтҚРК 619-б.)		2	
	с.і.	әйелдер	3	
		кәмелетке толмағандар	4	
	Әкімшілік ұсталынғандар (ӘҚБтҚРК 620-б.)		5	
	с.і.	әйелдер	6	
		кәмелетке толмағандар	7	

	Күштеп әкелінгендер (ӘҚБтҚРК 625-б .)	8		
	c.i. әйелдер	9		
	кәмелетке толмағандар	10		
Прокурормен қаулы шығару арқылы босатылғандар		11		
солардың ішінде:	әкімшілік ұстауға заңсыз тартылған тұлғаларды босату туралы (ӘҚБтҚРК 583-б . 1-т. (6-тш.))	12		
	кез-келген тыйым салу және шектеу сипатындағы шараларды алып тастау туралы (ӘҚБтҚРК 583-б . 1-т. (7-тш .))	13		
Обжаловано мер обеспечения производства по делу об административном правонарушении		14		
солардың ішінде:	жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды тұлғаға)	15		
	c - ң i - нен	шағым қанағаттандырылған	16	
		шағымды қанағаттандырудан бас тартылған	17	
	сотқа		18	
	c - ң i - нен	шағым қанағаттандырылған	19	
		шағымды қанағаттандырудан бас тартылған	20	

2-бөлім. Құқық қорғау органдарына жеткізілген тұлғалар туралы мәліметтер

Атауы		жолдың коды	Есептік кезеңде	Ағымдағы айда
а		6	1	2
ӘҚБтҚРК 619-б . тәртібінде жеткізілген тұлғалардың барлығы		1		
с-ң ішінен	әйелдер	2		
	еркектер	3		
	кәмелетке толмағандар	4		
азаматтығы	Қазақстан Республикасы	5		
	ТМД елдері	6		
	алыс шетел	7		
	азаматтығы жоқ тұлғалар	8		
айналысатын қызметі	мемлекеттік қызметшілер	9		
	c.i. құқық қорғау органдарының қызметкерлері	10		
	c.i. әскери қызметшілер	11		
	басқа да жұмыскерлер	12		
	жұмыссыздар	13		
жас құрамы	14 жасқа дейін	14		
	14-17 жастағылар	15		
	18-20 жастағылар	16		
	21-29 жастағылар	17		
	30-39 жастағылар	18		
	40-49 жастағылар	19		
	50-59 жастағылар	20		
	60 жас және одан жоғары	21		
алкогольдік мас		22		

мынадай күйде	есірткілік мас	23		
	токсикомандық мас	24		
Бұрын сотталғандар		25		
солардың ішінен шартты түрде сотталғандар		26		
Әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар		27		
Медициналық айықтырғыштарға орналастырылғандар		28		
Қабылдағыш-таратқыштарға орналастырылғандар		29		
Арнайы қабылдағыштарға орналастырылғандар		30		
кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімделу және оналту орталықтарына жайластырылғандар		31		

3-бөлім. Қабылдағыш-таратқыштарға орналастырылған тұлғалар туралы мәліметтер

Атауы		жолдың коды	Есептік кезеңде	Ағымдағы айда
а		6	1	2
Қабылдағыш-таратқыштарға орналастырылған тұлғалардың саны		1		
солардың ішінен:	әйелдер	2		
	еркектер	3		
	ұсталған ата-аналарымен бірге отырған кәмелетке толмағандар	4		
	зейнеткер жасындағы тұлғалар	5		
	мүгедектер	6		
	бас бостандығынан айыру жерлерінен босатылғандар	7		
	шартты түрде сотталғандар	8		
	Қазақстан Республикасының басқа да облыстарынан	9		
	ТМД елдерінің азаматтары	10		
	алыс шетел азаматтары	11		
	азаматтығы жоқ тұлғалар	12		
Жұкпалы аурулардың саны (1-жолдан)		13		
с-ң іш-н:	туберкулезбен ауыратындар	14		
	ЖҚТБ-мен ауыратындар	15		
	соз ауруымен ауыратындар	16		
Әлеуметтік бейімделу бойынша қабылданған шаралар		17		
с-ң іш-н:	жұмысқа орналасқаны	18		
	мүгедектерге және қарттарға арналған интернат-үйлеріне жіберілгендері	19		
	Әлеуметтік бейімделу орталықтарына жіберілгені	20		
	аурулардың стационарлық емдеу мекемелеріне жіберілгені	21		
құжаттарсыз және тұрғылықты мекен-жайсыз тұлғалардың ұсталғаны		22		
Басқа да сауалнамалық деректер бойынша ұсталған тұлғалар		23		
с.і.	іздеудегілер	24		
	ТМД мүше-мемлекеттерінің сұранымдары бойынша іздеудегілер	25		

5. Мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің басшысы және уәкілетті органның бастығы қол қойған мемлекеттік органның әрбір аумақтық бөлімшесі бойынша есеп және аймақ бойынша жинақталған есеп Комитетке модемдік байланыспен жіберіледі. Есептің ұсынылу күні деп Комитетке оның электрондық нұсқасының келіп түскен күні саналады.

Есептің қол қойылған түпнұсқасы тоқсан сайын, қол қойылғаннан кейінгі он күндік мерзімде Комитетке поштамен (арнайы байланыспен) жіберіледі.

6. Комитетке модемдік байланыспен жіберілгеннен кейін есепке түзетулер енгізу Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте рұқсат етіледі.

Модемдік байланыспен және поштамен келіп түскен есептің көрсеткіштерінде сәйкессіздік байқалған жағдайда модем байланысы арқылы келіп түскен есептің көрсеткіштері негізге алынады.

7. Модем байланысы арқылы алынған есептердің негізінде Комитет республика бойынша жалпы ведомствоаралық есепті және әрбір мемлекеттік орган бойынша жинақталған есептерді құрады, оларға Комитет Төрағасы немесе оның орнын ауыстыратын лауазымды тұлға қол қояды.

8. Есептер тоқсан сайын үдемелі қорытындымен құрылып, мынадай мерзімдерде :

1) мемлекеттік органның аумақтық, арнайыландырылған бөлімшелерімен уәкілетті органға есептік кезеңнен кейінгі айдың 6-күніне;

Уәкілетті органмен аймақ бойынша, әрбір мемлекеттік орган бойынша жинақталған есептер Комитетке есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күніне;

2) Комитетпен республика бойынша жалпы ведомствоаралық есеп және әрбір мемлекеттік орган бойынша жинақталған есеп Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына және мемлекеттік органдарға есептік кезеңнен кейінгі айдың 14 - күніне ұсынылады .

9. Есеп мемлекеттік органдарға жеткізілген, қабылдағыш-таратқышқа орналастырылған және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы мәліметтерден тұратын 3 - бөлімнен тұрады .

Есептің бөлімдері екі бағаннан тұрады. 1 -бағанда үдемелі қорытындымен есептік кезеңдегі мәліметтер, 2-бағанда ағымдағы айдың мәліметтері көрсетіледі.

3. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалар туралы мәліметтер" 1-бөлімін толтыру

10. Бұл бөлімде әкімшілік ұстауға тартылған, күштеп әкелінген және егер әкімшілік құқық бұзушылық жасалынған жерде хаттаманы құру мүмкін болмаған

жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құрылған жерге жеткізілген тұлғалар туралы мәліметтер бейнеленеді.

11. 1-жолда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына тартылған тұлғалардың саны туралы мәліметтер ескеріледі, 2-жолда ӘҚБтҚРК 619-бабымен белгіленген тәртіпте жеткізілгендердің саны, 2-жолдан алынған 3-жолда әйелдердің саны, 4-жолда кәмелетке толмағандардың саны бейнеленеді. 5-жолда ӘҚБтҚРК 620-бабымен белгіленген тәртіпте ұсталғандар, 5-жолдан алынған 6-жолда әйелдер, 7-жолда кәмелетке толмағандар, 8-жолда ӘҚБтҚРК 625-бабымен белгіленген тәртіпте күштеп әкелуге тартылған тұлғалар, соның ішінде 9-жолда әйелдер, 10-жолда кәмелетке толмағандар бейнеленеді.

12. Прокурормен қаулы шығару арқылы босатылған тұлғалар 11-жолда көрсетіледі. 12-жолда ӘҚБтҚРК 583-бабы 1-тармағының 6) тармақшасымен белгіленген тәртіпте әкімшілік ұстауға заңсыз тартылған тұлғаларды босату туралы және 13-жолда ӘҚБтҚРК 583-бабы 1-тармағының 7) тармақшасымен белгіленген тәртіпте тыйым салу және шектеу сипатындағы кез-келген шараларды алып тастау туралы мәліметтер бейнеленеді.

13. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларына шағымданудың саны туралы мәліметтер 14-жолда бейнеленеді, солардың ішінен 15-20-жолдарда қанағаттандырылған шағымдар және жоғары тұрған органмен, лауазымды тұлғамен немесе сотпен қанағаттандырудан бас тартылған шағымдар туралы мәліметтер ескеріледі.

4. "Құқық қорғау органдарына жеткізілген тұлғалар туралы мәліметтер" 2-бөлімін толтыру

14. Осы бөлімде әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ӘҚБтҚРК 619-бабының тәртібінде мемлекеттік органдарға жеткізілген тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

15. Мемлекеттік органдарға жеткізілген тұлғалардың жалпы саны 1-жолда ескеріледі және 2 мен 3-жолдарда жынысына қарай бөлінеді, 4-жолда кәмелетке толмағандар, 5-8-жолдарда азаматтығына қарай, 9-13-жолдарда айналысатын жұмысына қарай, 14-21-жолдарда жас құрамына қарай, 22-24-жолдарда алкогольдік, есірткілік және токсикомандық мас күйіне қарай, 25-жолда бұрын сотталғаны бойынша және соның ішінен 26-жолда шартты түрде сотталғанына қарай бөліп таралған мәліметтер бейнеленеді.

16. 1-жолда ескерілген тұлғалардың ішінен 27-жолда әкімшілік жауаптылыққа тартылғандар көрсетіледі.

17. Кейіннен медициналық айықтырғыштарға, қабылдағыш-таратқыштарға, арнайы қабылдағыштарға орналастырылған және кәмелетке толмағандарды

уақытша оқшаулау, бейімделу және оңалту орталықтарына жайластырылған тұлғалар туралы мәліметтер тиісінше 28, 29, 30 және, 31-жолдарда бейнеленеді.

5. "Қабылдағыш-таратқыштарға орналастырылған тұлғалар туралы мәліметтер" 3-бөлімін толтыру

18. Аталған бөлімде қабылдағыш-таратқыштарға орналастырылған тұлғалар туралы мәліметтер есепке алуға жатады.

19. 1-жолда көрсетілген тұлғалардың жалпы саны туралы мәліметтер бейнеленеді, солардың ішінен 2-12-жолдарда - әйелдердің, ерлердің, ұсталған ата-аналарымен бірге отырған кәмелетке толмағандардың, зейнеткер жасындағы тұлғалардың, мүгедектердің, бас бостандығынан айыру жерлерінен босатылғандардың, шартты түрде сотталғандардың, республиканың өзге облыстарынан келгендердің, сондай-ақ Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (бұдан әрі - ТМД), алыс шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың саны ескеріледі.

1-жолдың көрсеткіші 2-бөлімнің 29-жолының көрсеткішіне тең болуы қажет.

20. 13-жолда жұқпалы аурулардың, соның ішінде 14-жолда - туберкулезбен ауыратындардың, 15-жолда ЖҚТБ-мен және 16-жолда соз ауруларымен ауыратындардың саны туралы деректер бейнеленеді.

21. Органдар оларға қатысты әлеуметтік бейімделу шараларын қолданған тұлғалар туралы мәліметтер 17-21-жолдарда ескеріледі.

22. 22-жолдарда құжаттарсыз және тұрақты мекен-жайсыз ұсталған, 23-жолда басқа да сауалнамалық деректер бойынша, солардың ішінен 24-жолда іздестіруде жүрген, 25-жолда ТМД мүше-мемлекеттерінің сұранымдары бойынша ұсталған тұлғалардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

23. 26-жолда қабылдағыш-таратқыштардан босатылған тұлғалар, соның ішінде 27-жолда жеке басы анықталмаған және ұстау мерзімінің аяқталуымен байланысты босатылған тұлғалар, 28-жолда ұстау мерзімінің аяқталуына дейін босатылған, 29-31-жолдарда оларды ішкі істер органдарына, іздеу салу үшін қаржы полициясына және Қазақстан Республикасынан тыс елдерге шығару үшін көші-қон қызметіне берумен байланысты босатылған тұлғалар туралы мәліметтер есепке алуға жатады.

24. 32-жолда прокурормен босатылған, соның ішінде 33-жолда - заңсыз шығарылған тұлғалардың саны туралы мәліметтер бейнеленеді.